| КЕЛІСІЛДІ | БЕКІТЕМІН |
|---|---|
| Директордың оқу жөніндегі орынбасары | Ұлытау облысы білімбасқармасының |
| ____________ Райсова Г.С. | Жезқазған қаласы білім бөлімінің |
| «16» 09 2022ж | Қаныш Сәтбаев атындағы |
| | №7 мектеп-лицей мектеп директоры |
| | ____________ К.Б. Мукашева |
| | «16» 09 2022ж |

# КҮНТІЗБЕЛІК ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

**2022-2023 оқу жылы**

Пән: Логопедия
Тілдік қорытынды: «Сөйлеу тілінің жалпы дамымуы бойынша ОмЖДҚ»
Сынып: 6-7 «Ә,Г»
Жылдық сағат саны: 60 сағат
Аптасына: 2 сағат/ 30 апта
Мұғалім логопед: Райханова А.Б.

## Түсінік хат

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған ІІІ-деңгейдегі балалармен жүргізілетін топтық сабақтардың бағдарламасы сөйлеу тілінің даму кезеңдері мен логопедиялық диагностиканың нәтижелерін негізге ала отырып құрастырылған. Күнтізбелік-тақырыптық жоспардағы лексикалық тақырыптар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлеріне арналған «Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнынан алынды.

Түзете-дамыту жұмыстарының әдістемесі келесі бағыттардын тұрады:

**Фонематикалық қабылдауын дамыту:**

- Дыбысталу жағынан ұқсас сөздерді ажырату;
- Берілген дауысты дыбысты басқа дауысты дыбыстардың ішінен ерекшелеу;
- Сөйлеу тілінде сақталған дауыссыз дыбысты басқа дауыссыз дыбыстардың ішінен ерекшелеу;
- Бір буынды және екі буынды ұқсас сөздерді айту (сап-қап-тап);
- 3-4 сөздің ішінен дыбыстық құрамы бойынша басқаларынан ерекшеленетінді анықтау (сап-қап-тап-банан);

**Фонематикалық түсініктерін дамыту:**

- Суреттерді берілген дыбысқа сәйкес таңдау;
- Берілген дыбысқа екі буынды сөздерді таңдау;
- Берілген дыбысқа үш буынды сөздерді таңдау;
- Берілген дыбыс сөздің басында естілетін сөзді таңдау;
- Берілген дыбыс сөздің соңында естілетін сөзді таңдау;
- Берілген дыбыс сөздің ортасында естілетін сөзді таңдау;

**Фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту:**

- Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату;
- Дауысты-дауыссыз дыбыстар тіркесіндегі дыбыстардың санын анықтау;
- Сөздегі дыбыстар санын анықтау;
- Екі аталған сөзден бірдей дыбыстарды анықтау;
- Аталған дыбыстың сөздегі орнын анықтау;
- «Буын», «сөз» мағыналарын түсіну;

**Сөздің буындық құрылымын дамыту:**

- Дауысты дыбыстарға сүйене отыра сөздің буындық құрамын анықтау;
- Сөздегі буындардың санын анықтау;
- Ашық, тұйық, бітеу буынды сөздерді қайталау;

- Дауыссыз дыбыстары тоғысқан үш буынды сөздерді айту;
- Үш және төрт буынды сөздерді буынға бөлу;
- Буындық құрылымы күрделі сөздерді айту;

**Сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық құрылымын дамыту:**

- Заттар мен олардың бөлшектерін (ағаш, бұтақ, жапырақ, діңі т.б.) атау;
- Мамандық иелері және оларға тиесілі құралдар (құрылысшы – балта, балға ...);
- Жануарлар және олардың төлдерінің атаулары;
- Жануарлар мен құстардың дауыс реакцияларын белгілейтін әрекеттер (мияулайды, мөңірейді, үреді, маңырайды);
- Табиғат құбылыстары (жел, тұман, жаңбыр, бұршақ, қар);
- Семантикалық жағынан жуық әрекеттердің атаулары (жатады- ұйықтайды, жуынады- шомылады);
- Синоним сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, белсенді сөздік қорына енгізу;
- Қатыстық сын есімдерді түсіну және қолдану дағдыларын дамыту;
- Көлемі бойынша заттардың қасиеттерін белгілейтін сөздер (биік-аласа, ұзын-қысқа);
- Пішіні бойынша заттардың қасиеттерін белгілейтін сөздер (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек);
- Адамның сезімдері мен көңіл-күйін сипаттайтын ұғымдар (жылайды, күледі, мұңаяды, ашуланады, таңданады);
- Антоним сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, белсенді сөздік қорына енгізу;
- Омоним сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, белсенді сөздік қорына енгізу;
- Синоним сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, белсенді сөздік қорына енгізу;
- Етістік және оның шақтарын (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) ауызша сөйлеу тілінде қолдануды белсендіру;
- «Астында-үстінде», «алдында-артында-жанында», «алыс-жақын» үстеу мәндерін ажырату және қолдану дағдыларын дамыту;
- Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану;
- Сан есімдерді зат есімдермен келістіруді, өздік етістіктерді құра алуға үйрету;
- Зат есімдерді жекеше және көпше түрде жіктік жалғауларын қолдану;
- Сын есімнің салыстырмалы шырай түрін қолдану дағдыларын қалыптастыру (ұзын – ұзынырақ, кіші – кішірек);
- Зат есімдерге жұрнақтарға жалғай отырып, туынды сөз жасау дағдыларын дамыту (бала-балалық, қой-қойшы);
- Үстеуді мағынасына қарай ажырата алу дағдыларын дамыту;
- «Астында-үстінде», «алдында-артында-жанында», «алыс-жақын» үстеу мәндерін ажырату және қолдану дағдыларын дамыту;
- Жазбаша сөйлеу тілінде шылауларды дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыру;

- Зат есімнің кішірейткіш мәнін тудыратын -ша, -ше, -шік жұрнақтары арқылы сөзжасам дағдыларын дамыту (үй - үйшік, жастық – жастықша) дағдыларын бекіту;
- Тәуелдік жалғауларын жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын дамыту; (Менің кітабым, сенің кітабың, оның кітабы);
- Ілік септігіндегі зат есімдерді құрай алу дағдыларын дамыту;
- Септік жалғауларын қолдану дағдыларын дамыту;

*Лексикалық тақырыптар жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнынан алынды:*

*«Менің отбасым және достарым», «Үй жануарлары мен жабайы жануарлар», «Үй құстары мен жабайы құстар», «Қазақтың ұлттық тағамдары», «Пайдалы және зиянды тағамдар», «Қазақтың ұлттық киімдері», «Жыл мезгілдері, айлар, апта күндері», «Көлік түрлері», «Мамандықтар әлемінде», «Менің сүйікті ертегім», «Спорттық ойындар».*

**Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру:**

- «Сөйлем» түсінігін қалыптастыру;
- Сөйлемдердегі сөздердің санын, кезектілігін белгілеу дағдыларын қалыптастыру;
- Тірек сөздер арқылы сөйлем құрау дағдыларын дамыту;
- Сөйлемдерді графикалық сызбалармен сәйкестендіру немесе графикалық сызбаға сәйкес сөйлем құрау дағдыларын дамыту;
- Сөйлеу тілінде жайылма сөйлемдерді қолдана алуға үйрету;
- Тірек сөздер арқылы әңгіме құрастыру дағдыларын дамыту;
- «Және», «содан соң» жалғаулық шылаулары бар салалас құрамалас сөйлемдерді құра алуға үйрету;

**Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту:**

- Көріп қабылдауын, көріп есте сақтауын дамыту;
- Естіп қабылдауын, есту зейінін дамыту;
- Кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту;
- Жалпы және ұсақ моториканы дамыту;
- Тілдік тыныс алу мен дауысты дамыту;
- Артикуляциялық моториканы дамыту.

| № | Сабақтардың тақырыптары | Оқудың мақсаттары | Сағат саны | Мерзімі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Фонематикалық естуін және қабылдауын дамыту. | Дауыстап мәтәнді оқыту. Дыбыстық құрылымы ұқсас және ұқсас емес сөздерді сөзді анықтауға үйрету. | 2 | 19.09<br>21.09 | |
| 2 | Тіл дамыту және қарым-қатынас қабілеттерін қалыптастыру | Суреттен кейіпкерлердің әрекеттерін анықтай алуға және оны әңгімелеп беруге үйрету.<br>Сурет қолдану арқылы диолог түрінде қысқаша әңгіме құрастыруға үйрету. | 2 | 26.09<br>28.09 | |
| 3 | Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | Саусақтардың динамикалық қозғалысының ұйымдастырылуын дамыту. «саусақтар амандасады», «санамақ».<br>Тілдік сүймелдеу арқылы қол буынының және саусақтарды еліктеу арқылы әр түрлі қозғалыстарды жасауға үйрету. | 2 | 03.10<br>05.10 | |
| 4 | Дауысты дыбыстар | Оқиды сөздегі дыбыс түрлерін дауысты, жуан және жіңішке дауыстыларды ажыратуға және дұрыс дыбыстауға үйрету. Сөйлем,мәтін, буын туралы ұғымдарды түсіндіру. Мәтін мазмұнын айтуға,сөздерді дыбыстық, талдау-жинақтау дағдыларына үйрету. | 2 | 10.10<br>12.10 | |
| 5 | Дауыссыз дыбыстар | Оқушыларға дыбыстардың жіктелуі, дауыссыз | 2 | 17.10 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дыбыстар туралытолық мағлұмат беру;<br>Оқушылардың түрлі суреттер арқылы сөздік қорынмолайту,мәнерлеп оқу,көркем жазу дағдысынжетілдіру; | | 19.10 | |
| 6 | Сөз және сөйлем<br>Менің отаным – Қазақстан. Астана. | Сөз дыбыстардан, сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру<br>Көк, қызыл текшелерден сөз, сөздерден сөйлем құрастыру | 2 | 24.10<br>26.10 | |
| 7 | Сөздердің жуан, жіңішке айтылуы<br>Заттың атын білдіретін сөздер<br>Сынып бөлмесі. Оқу құралдары | Қанша дауысты дыбыс сонша буын<br>Ұн-үн, тыл-тіл, тұн-түн, оң-өң сөздерін салыстыру.<br>Кітап-кітабы, сынып-сыныбы, мектеп-мектебі, қап-қабы т.б. сөздердің қалай өзгергенін салыстыру. Жұмбақтар жасыру.<br>Кім, не? сұрақтарына жауап беретін сөздер | 2 | 07.11<br>09.11 | |
| 8 | Заттың қимылын білдіретін сөздер<br>Заттың  сынын білдіретін сөздер<br>«Алтын күз» | Сөздегі дыбыстың орнын анықтау | 2 | 14.11<br>16.11 | |
| | Заттың санын білдіретін сөздер<br>Диктан «Жайлауда» | Сөз аяғындағы дыбысты анықтау<br>Қанша, неше, нешінші? сұрақтарына жауап беретін сөздер. Апта күндерін ретімен атау.<br>«Апта күндері» туралы тақпақтар оқыту. | 2 | 21.11<br>23.11 | |
| 9 | А-ә дыбыстарын ажырату<br>Ұ-ү дыбыстарын ажырату | Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар<br>Сан-сән, нан-нән, сатты-сәтті, тұс-түс, тұр-түр, құн-күн т.б. сөздерді салыстыру. «Отбасы» туралы шағын әңгіме құрастыру. | 2 | 28.11<br>30.11 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10 | О-ө дыбыстарын ажырату<br>Ы-і дыбыстарын ажырату<br>«Менің отбасым» | Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар<br>Тор-төр, соз-сөз, от-өт, ор-өр, орды-өрді, сыз-сіз, тыс-тіс, ыс-іс т.б. сөздерін салыстыру.<br>Мақал-мәтелдер үйрету. | 2 | 05.12<br>07.12 | |
| 11 | У дыбысының жуан, жіңішке айтылуы<br>И, й әріптерінің жазылуы<br>«Құстар мен жәндіктер» | У дауысты және дауыссыз, и – дауысты,<br>й – дауыссыз дыбыстар<br>Аққу, әупілдек, сауысқан, тауық сөздеріндегі у дыбысын анықтығу.<br>Киін-кейін, ки-күй, тиме-түйме сөздерін салыстыру. | 2 | 12.12<br>14.12 | |
| 12 | Я, ю әріптерінің жазылуы<br>Диктант Тәуелсіздік күні. Қайратым-қайсарым. | Я,ю – қосарлы дауысты дыбыстар Қоян, бояу, ұя, ою, қою, аю сөздерінде я, ю дыбыстарын салыстыру, олардың қандай дыбыстардан құралғанын анықтау. | 2 | 19.12<br>21.12 | |
| 13 | П-б дыбыстарын ажырату<br>«Жаңа жыл» | П – қатаң, б – ұяң дауыссыз дыбыстар | 2 | 26.12<br>28.12 | |
| 14 | Т-д дыбыстарын ажырату | Т – қатаң, д – ұяң дауыссыз дыбыстар<br>Жоғалған дыбысты табу, сөздерге т, д дыбыстарын тауып қою. Мысалы: бал...а, ...ауыл, ...ала, бо...а, кесір...ке т.б.<br>Жаңылтпаштарды оқыту. | 2 | 09.01<br>11.01 | |
| 15 | К-г дыбыстарын ажырату<br>Мамандық | К – қатаң, г – ұяң дауыссыз дыбыстар<br>Күрек-күрегі, көлік-көлігі, түлік-түлігі, ілгек-ілгегі т.б. сөздерді салыстыру. Сурет бойынша сөйлем құрастыру. | 2 | 16.01<br>18.01 | |
| 16 | Қ-ғ дыбыстарын ажырату | Қ – қатаң, ғ – ұяң дауыссыз дыбыстар Орақ-орағы, құлақ-құлағы, жақ-жағы, бақ-бағы т.б. сөздерді салыстыру. Суреттің орнына қ, ғ | 2 | 23.01<br>25.01 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дыбыстары бар сөздермен аяқтау. «Жасыл шырша жанында» сюжетті сурет арқылы әңгімелеу. | | | |
| 17 | Н-ң дыбыстарын ажырату<br>Азық-түлік. Ас адамның арқауы | Н, ң – үнді дауыссыз дыбыстар Мен-мең, кен-кең, шын-шың сөздерін салыстыру. Жоғалған дыбысты табу, сөздерге н, ң дыбыстарын тауып қою. Мысалы: а..., на..., айра..., шы..., қайы... т.б. «Нан» туралы тақпақтар оқыту. | 2 | 30.01<br>01.02 | |
| 18 | В-ф дыбыстарын ажырату<br>Азық-түлік. Ас адамның арқауы. | В-ұяң, ф – қатаң дауыссыз дыбыстарЖоғалған дыбысты табу, сөздерге в, ф дыбыстарын тауып қою. Мысалы: ...ерма, ди...ан, шка..., ...агон, ...утбол т.б. «Менің бөлмем» сюжетті сурет бойынша әңгіме құрастыру. | 2 | 06.02<br>08.02 | |
| 19 | С-з дыбыстарын ажырату<br>«Жыл мезгілдері» | С – қатаң, з – ұяң дауыссыз дыбыстар Са, со, су, сі, за, зы, быз, дыз, ғыз буындарын қосып сөздер құрастыру. Мысалы: ...ғат, ...на, қо..., ...рінке, та..., қо..., қар..., жұл..., то... т.б. «Жыл мезгілдері» сюжетті сурет бойынша әңгімелеу. | 2 | 13.02<br>15.02 | |
| 20 | С-ш дыбыстарын ажырату<br>Қыс. Қысқы ойындар. | С – ысқырық, ш – ызың қатаң дауыссыз дыбыстарҚас-қаш, ас-аш, қарындас-қарындаш, сана-шана т.б. сөздерді салыстыру. «Қыс ойындар» туралы әңгімелеу, «Шана» тақпағын мәнерлеп оқыту. | 2 | 20.02<br>22.02 | |
| 21 | С-ц дыбыстарын ажырату<br>Көліктер. | С, ц – ысқырық қатаң дауыссыз дыбыстар.Жоғалған дыбысты табу, сөздерге с, | 2 | 27.02<br>01.03 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ц дыбыстарын тауып қою. Мысалы: ...ары, ...ирк, жары..., ке...е, автобу..., мото...икл т.б. «Көліктер» сурет бойынша сөйлем құрастыру, жұмбақтар жасыру. | | | |
| 22 | Ж-з дыбыстарын ажырату<br>Жануарлар әлемі. | Ж,з – ұяң дауыссыз дыбыстар.<br>Жа, за, жы, жи, зы, жу, зу буындарын қосып сөздер құрастыру. Мысалы: ...ға, та..., ...лан, ...раф, қо...зы, ...сан, жа... т.б. «Жануарлар» туралы тақпақтар, ертегілер оқыту. | 2 | 06.03<br>07.03 | |
| 23 | Ж-ш дыбыстарын ажырату<br>Киім кешек. Ұлттық киідер | Ж – ұяң, ш – қатаң дауыссыз дыбыстар.<br>Көже-көше, жыл-шыл, жағын-шағын, жан-шаң т.б. сөздерді салыстыру. Ж, ш дыбыстарын орнына тауып қою. Мысалы: ...ол, бағдар...ам, ...асыл, ...ортан, ...алау т.б. «Бағдаршам» тақпағын оқыту | 2 | 13.03<br>15.03 | |
| 24 | Л-р дыбыстарын ажырату | Л, р – үнді дауыссыз дыбыстар.<br>Ала-ара, алша-арша, қала-қара, ел-ер, бөлік-бөрік, дала-дара т.б. сөздерді салыстыру. Сөйлемдегі суреттерді сөздермен толықтырып жазу. «Киім-кешек» сурет арқылы сөйлем құрастыру, ұлттық киімдер туралы әңгімелеу. | 2 | 27.03<br>29.03 | |
| 25 | Х-һ дыбыстарын ажырату<br>Ш-щ дыбыстарын ажырату<br>«Аналар күні» | Х, һ – қатаң дауыссыз дыбыстар.<br>Ш, щ - ызың қатаң дауыссыз дыбыстарБерілген буындармен сөздер құрастыру. (жи, һаз, шах, мат, қа, һар, ман, ха, бар т.б.). Жоғалған дыбысты табу. (қала..., ...ётка, қы...қыл, а...ы, бұры... т.б.). Аналар мерекесі туралы мәтін құрастыру | 2 | 03.04<br>05.04 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 26 | Ч-щ дыбыстарын ажырату<br>Диктант «Наурыз – жыл басы» | Ч, щ - ызың қатаң дауыссыз дыбыстар.<br>Жоғалған дыбысты табу, сөздерге ч, щ дыбыстарын тауып қою. Мысалы: ...емодан, тұ...ы, ...ек, пла..., ...емпион, а...ы т.б. «Наурыз тойы» сюжетті сурет бойынша әңгімелеу, мақал-мәтелдер, тақпақтар оқыту. | 2 | 10.04<br>12.04 | |
| 27 | Сөз және оның мағынасы<br>Мәндес сөздер<br>«Көктем» | Дыбыстардан сөз құрау.<br>Әр сөздің алдына әріп қосып сөз құрастыру: он – тон, ар – қар, ақша – бақша, ақ – бақ т.б.<br>«Көктем өрнегі» тақпағын оқыту, түсінгенін сұрау. | 2 | 17.04<br>19.04 | |
| 28 | Қарама-қарсы мағыналы сөздер<br>Әр түрлі мағыналы сөздер<br>«Құстар» | Буындардан сөз құрау.<br>Ақ – қара, үлкен – кіші, суық – жылы, ұзын – қысқа, алыс – жақын т.б. сөздерді салыстыру.<br>«Құстар келді» тақпағын оқыту, түсінгенін сұрау. | 2 | 24.04<br>26.04 | |
| 29 | Сөз таптары. Зат есім.<br>Зат есімнің жекеше және көпше түрлері | Сөздерді буынға бөлу.<br>Кім? Кімдер? Не? Нелер? деген сұрақтарға жауап беретін сөздер. Сөздерді жекеше түрден көпше түрге өзгерту: ағаш – ағаштар т.б.<br>«Қайың» мәтінін оқып, жекеше, көпше зат есімдерді теріп жазу. | 2 | 02.05<br>03.05 | |
| 30 | Етістік.<br>Дара және күрделі етістік.<br>«Гүл» | Дыбыстармен сөз ойлау.<br>Не істеді? Қайтті? Не қылды? Сұрақтарына жауап беретін сөздер. Гүл өсті. Гүл өсіп тұр сөйлемдерді салыстыру. «Гүлдер, көбелектер» туралы әңгімелеу. | 2 | 10.05<br>11.05 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 31 | Сын есім.<br><br>Сан есім. Достық. Ынтымақ күні. | Ортақ дыбысы бар сөздерді топтау Қандай? Қай? Қанша? Неше? Нешінші? сұрақтарына жауап беретін сөздер. «Ынтымақ күні» өлеңді оқып, сын және сан есімдерді табу. | 2 | 15.05<br>17.05 | |
| 32 | Мәтін және оның түрлеріСпорт ойындары. | Мәтін сөйлемдерден тұрады<br>Сюжетті сурет бойынша мәтін құрау, үш бөлімге бөліп, мәтінге ат қою. «Спорт ойындары» туралы әңгімелеу. | 2 | 22.05<br>24.05 | |
| 33 | Сөйлем және оның түрлері<br>Жеңіс күні. | Сөйлем сөздерден тұрады Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдер құрастырып жазу. «Жеңіс күні» тақпағын мәнерлеп оқу, түсінгенін сұрау. | 1 | 29.05 | |
| 34 | Жыл бойы өткенді қайталау<br>Жаз | Дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін «Жазғы демалыс» тақырыбына шығарма жазу, шығарма ішінен сөз таптарын атап, оларға сұрақ қою. | 1 | 31.05 | |